

Түсінік хат

2024– 2025 оку жылында ЖШС «Нұрлы Жол» «Көгершін» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда тәмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бүйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» бүйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бүйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» бүйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бүйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы;

- «2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дene шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - сенсорика күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Бекітемін
 ЖШС «Нұрлы Жол»
 бебекжай балабақшасының
 менгерушісі: Б.Усербаева
 2024ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жұру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жұру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жұру.	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді.
	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сездерін, сездерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сез) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.	Ересектердің сезін тындаиды және түсінеді.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оку.	Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындалап, қарапайым сұрақтарға жауап береді.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындаиды.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.	Қаламды дұрыс ұстайды.
	Мұсіндеу	Балалардың сазбалышық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.	Сазбалышқтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.

	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.	Қағазды қолданудың қаралайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылымдарымен (текшелер, кірпіштер, уш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	Құрылымдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады.
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тындауға, ән айтуда, қаралайым би қимылдарын орындауға баулу.	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.
	Коршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.	Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды.
Қазан	Дене шынықтыру	Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, тұсу; заттардан (білктігі 10-15 сантиметр) аттап жүру.	Белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-тендікті сақтайды.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады.
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тындауға үйрету.	Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұраптарға жауап береді.

	Сенсорика	Қымылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.	Қымылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген.
	Сурет салу	Көркемдік қабылдауларын дамыту.	Тік және тұйықталған дәңгелек сзықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді.
	Мүсіндеу	Сазбалышықты дұрыс қолдануды жетілдіру.	Сазбалышықпен, ермексазбен жұмыстың бастапкы дағдыларына ие.
	Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.	Бейнелерді фланелеграфта (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды.
	Құрастыру	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастырту.	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша құрастырады.
	Музыка	Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратады білу. Баяу және көтерінкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажыратады білу.	Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер).
	Коршаган оргамен таныстыру	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.	Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.
Қараша	Дене шынықтыру	Құрсаудан құрсауга аттап өту; тактайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап журу,	Допты нысананаға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады.

		орнында баяу айналу.	
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың тәлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен таныстыру.	Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың тәлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау.	Кейіпкерлердің әрекеттерін (кимылдарын) қайталап ойнайды.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.	Ересектердің нұсқауымен тұсі, өлшемі бойынша заттарды табады.
	Сурет салу	Бейнелерді парап бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.	Түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды.
	Мұсіндеу	Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біргүлас етіп біріктіру) үйрету.	мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біргүлас етіп біріктіреді)
	Жапсыру	Қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қаз бетіне құрастырады.
	Құрастыру	Өз бетінше құрастыру.	Құрылыш материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады.
	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен	Қоңыраулардың жоғары және

		дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратса білу, әртүрлі музикалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бул әуендерді тани білу.	төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.
	Коршаган ортамен таныстыру	Балалардың табигат пен табигат күбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаган ортадағы есімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанак, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.	Дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) жүгіру.	Заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындаі алады.
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сезін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрактарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрактарға жауап беруге, өз ойын айтуда үйрету.	Сездерді және қарапайым сез тіркестерін (2-4 сез) қайталап атады.
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауда ынталандыру.	Артикуляциялық жаттығуларды орындауды.
	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураударды негізгі түсі, негұрым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	түрлі көлемдегі геометриялық фигураударды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сыйықтарды бейнелеу.	Өзінің салған суретіне куанады, онда не бейнеленгенін атады.
	Мүсіндеу	Сазбалшықты өздігінен илеуді үйрету.	Сазбалшықты өздігінен илей алады.
	Жапсыру	Материалдарды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады.

	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну.	Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атайды.
	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.	Педагогтің даудың ыргағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.
	Коршаған ортамен таныстыру	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшени екіншісіне қою) орындауға баулу.	Тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындаі отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанаңырлық, қамқорлық танытады.
Қантар	Дене шынықтыру	Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аудысу.	Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындаі алады.
	Сөйлеуді дамыту	Менгерілген сөздерді аудыща сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу - жабу, кио-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көніл-күйін (куану, кұлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.	Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кио-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көніл-күйін (куану, кұлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі.
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сез тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.	көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.	Қарапайым көру-кимыл үйлесімділігін менгерген.

	Сурет салу	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.	Қағаз бетін бағдарлайды.
	Мұсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.	Мұсіндейтін заттарды зерттейді.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды құрастырады.
	Құрастыру	Құрылым масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды.
	Музыка	Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.	Әндегі сез тіркестерін айтады (ересектермен бірге).
Ақпан	Коршаған ортамен таныстыру	Өлі табигат (жылы, сүйк су, құрғак, ылғал құм, домалақ, қатты тас, сүйк қар) және олармен әрекет ету түрлері (су күю, құм тасу, төгу, жинау, мұсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.	Басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады.
	Дене шынықтыру	Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, дөғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқаның астынан нысананаға дейін төрттагандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу.	Заттардың бойымен, астымен еңбектейді.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің еткен шагымен байланыстыру, сез тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше	Сейлегендеге заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады.

		түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көші түрімен сәйкестендіру.	
	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қаруа.	Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды.
	Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.	Қағаз бетіне бояулармен сзықтар, жақпалар салады.
	Мүсіндеу	Заттардың ұқсастықтарын табу.	Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады.
	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді орналастырады.	Геометриялық фигуralарды орналастырады.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау.	Өз бетінше құрастыруға тырысады.
	Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.	Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды.
	Коршаган ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), андармен (аю, қасқыр, қоян) таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың міnez құлқына, сыртқы түріне назар аударады.
Чаурыз	Дене шынықтыру	Домалату, лактыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі	Доптарды заттардың арасымен,

		бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанага (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.	бір-біріне домалатады.
Сейлеуді дамыту		Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.	Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады.
Көркем әдебиет		Балалардың назарын бесік жырларына, халық әндеріне, ertегілерге, авторлық шығармаларға аудару.	Бесік жырларын, халық әндерін, ertегілерді, авторлық шығармаларды тындейді.
Сенсорика		Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атаяу.	Заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сездерді тусінеді.
Сурет салу		Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді.
Мұсіндеу		Кесеңі, тостағанды, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендетеу, кесектерді біріктіру, қуыршакқа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мұсіндеу.	Кесе, тостаған, табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендедеді.
Жапсыру		Казактың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.	Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады.
Құрастыру		Корапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.	Корапқа құрылыш бөлшектерін жинастырады.
Музыка		Ән айтуга деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сездер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ыргағына, сездердің	Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды

		<p>созылыңғы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ыргакты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музикалық сез тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p>	(шапалактайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады).
	Коршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды менгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараптыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауга, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге куануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жаксы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.</p>	Ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындаі отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады.
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктікten секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқанинан) аттап секіруге үрнету.</p>	Заттардың бойымен жүріп секіреді, ересектермен бірге жасай алады.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атаяу, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p>	Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады.
	Көркем әдебиет	<p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>	Кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны

			бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.		Заттардың санын ажыратады (біреу-көп).
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмыстың ұқыпты жасау.		Қағаздың қасиеттерін біледі.
Мүсіндеу	Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.		Жұмыстан кейін материалдарды жинастырады.
Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген беліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.		Түстерімен орнастыра алады.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау.		Табиғи материалдармен (кум, су, тас) ойнайды.
Музыка	Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қымылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеу. Әртүрлі кейіпкерлердің қымылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып үшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау		Әртүрлі кейіпкерлердің қымылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады).
Коршаған ортамен таныстыру	Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, каз, үйрек) тану.		Дала құстарын және үй құстарын таниды және атайды.

Мамыр	Дене шынықтыру	Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Серуенде қымылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жузеге асыру.	Бұрын менгерген қымылдарды өз бетінше орындаиды; бетін, қолдарын өз бетінше жуады.
	Сөйлеуді дамыту	Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату	Ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады.
	Көркем әдебиет	Шагын тақпактарды қайталап айтқызу.	Педагогтің көмегімен шагын тақпактарды қайталап айтады.
	Сенсорика	Заттарды салыстыруға мүмкіндік беру.	Түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.
	Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстau, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйікталған дөңгелек сзықтарды қағаз бетінде женіл жүргізу.	Қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын менгерген.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шуберекпен сұрту, дайын болған бүйімді тұғырға орналастыру.	Мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.
	Жапсыру	Кейбір бейнелерді орындарына орналастыру.	Кейбір бейнелерді орналастыра алады.
	Құрастыру	Қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту, үстіне, жанына қою.	Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атайды.
	Музыка	Кымылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмакпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қымылдарын көрсету арқылы ойынның бір	Музыкалық-ырғақтық қымылдарды: денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеуді орындаиды.

	Коршаған ортамен таныстыру	<p>Эпизодынан келесіге өту және қымылдарды бере білу.</p> <p>«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>	<p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жаксы» немесе «жаман» екенін түсінеді; серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін біледі; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі.</p>
--	-----------------------------------	--	---